

**«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ**

**«КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЭЛЕМЕНТІ РЕТІНДЕ ЖОБАЛАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

СЕМЕЙ 2024

МАЗМҰНЫ

- 1) Жалпы ережелер;
- 2) Глоссарий;
- 3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) Оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- 7) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- 8) Оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) Курстан кейінгі сүйемелдеу;
- 10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

1) Жалпы ережелер

1. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды.

2) Глоссарий

Абрис – сұлба, тұрпат (бір нәрсенің сыртқы сұлбасы), бір нәрсенің сыртқы тұрпаты, сыртқы жобалық пішіні, бейнеленген бір заттың контуры, сызықтың тұрпаты.¹

Абстракционизм – абстракцио-низм ХХ ғасырдағы живопись, скульптура мен графика өнердегі бағыт: мұның өкілдері көркем су-рет практикасын түбірімен өзгер-туге, оның қалыптасқан принцип-тері мен дәстүрлерінен оныңішінде реализмнен де қол үзуге, жаңа, әдеттен тыс мазмұн іздеуге ұмтылды.²

Абстракттілік өнер - көзге көрінетін әлем заттарын әдеттегі қалыптан тыс түрде, әр туындыны әсерлі және бағалы етіп көрсету үшін түстер мен қалыптарды пайдалана отырып бейнелейтін фигуративті емес өнер бағыты.

Академиялық сурет – көркемсурет өнерінің жоғары оқу түрі. Мұндай оқу түрі XV ғасырда қалыптасқан. Академиялық сурет – натураны ұзақ мерзім бойы оқытатын, өнерді қыр – сырына терең үңіліп жоғары дәрежеде үйрететін ілім.⁴

Акцент (екпін) – көрермен назарын әдейі аудару үшін бейнелеу өнерінде қолданылатын тәсіл: әдейі түсірілген жарық, бояу түсі, жүргізілген сызық немесе адам бет-жүзіндегі, тұлғасындағы, бейнесіндегі жеке детальдарға

Ақиқат, шындық, болмыс – қоршаған орта болмыс. Натураның өзіне қарап, сурет салу – шындық, яғни қиял, елес емес. Мысалы, көз алдындағы даладағы көрністі қарап бейнелеу – ақиқат, шын сурет¹

Аллегория (Грек. Allegoria - өзгеше айту) – өнердегі бейне көрінісін образ арқылы көрсететін идея. Әдебиетте-прозадағы немесе поэзиядағы метафорикалық тәсіл; ертегі әңгімелердегі символикалық кейіпкерлері. Бейнелеу өнерінде аллегорияның функцияларын жиі эмблемамен жақындайды. Аллегорияның ең көп тараған түрі-персонификация, яғни оның мағынасын түсіндіретін атрибуттары бар фигура (қолына таразыны ұстап, көзін байлап тұрған әйел - әділ сот төрелігі аллегориясы болып саналады)⁸.

Анализ (гр. Analysis жіктеу) – талдау, бір нәрсені не құбылысты ойша деталдарға, құрама бөліктер мен белгілерге бөлу. Мысалы: адам басының суретін салмастан бұрын, пішінді ой елегінен өткізіп, ойша талдау әрекетін жасап, оның деталдарының бейне бір заттарға, көбінесе геометриялық

денелерге ұқсатып, ойша салыстыра отырып, соңында үлкен формаға жинақтауды айтамыз.⁴

Әдептеу – 1 белгілі бір авторға, жанрға, ағымға, белгілі бір әлеуметтік ортаның, халықтың, дәуірдің өнері мен мәдениетіне тән көркем стилге әдейі ұқсатып салу; 2. Бейнелеу өнерінде, көбіне декорациялық өнерде, дизайнда шартты тәсілдер арқылы тұлғалар мен заттарды жалпылай бейнелеу².

Батик – бейнелеу өнеріндегі жазу әдістерінің бір түрі. Сурет матаға жұкалап балауызбен салынады. Матаны бояуға батырғанда оның балауыз тимеген жері боялады. Осы әдіспен жазылған түрлі-түсті мата «батик» деп аталады².

Бейнелеу өнері – көркем құрал-тәсілдер (бояу түсі, жағыс, штрих, нақыштау, ою, шекімдеу) және материалдар (қағаз, кенеп, саз, тас) арқылы табиғи объектінің образды бейнесін сомдау⁷.

Галерея (франц.galle) – 1) жаңа заман өнерінің көрмесін өткізуге арналған ғимарат; 2) жекелеген немесе топтасқан ауысып отыратын көрмелер өткізетін орын¹.

Графика - бұл түпнұсқа суреттер мен баспа көркем бейнелерді қамтитын бейнелеу өнерінің бір түрі. "Графика" сөзі гректің "графo" - жазамын, сызамын, салмын дегенді білдіреді⁴

Гоуа (қытайша чжунгоуа) – қытайдың ұлттық кескіндеме өнері. Әр түрлі минералдың және өсімдіктің суға езілетін бояулар мен қара тушьпен жібек және қағаз беттеріне салынады⁵.

Ғалым натюрморт. Өкілдері:Давид Байли, Питер Стенвейк, Мария ван Остервейк. *Ғалым натюрморт* Лейден университетінде пайда болы. Бұл натюрморттың интеллектуальды түріне жатады, ол көрерменнен Библия және дәстүрмен діни рәміздер туралы білімдері болуын қажет етеді. Питер Стенвейка және Давид Байли еңбектерінде осындай мінезді картиналар кездеседі. Осы бағыттағы натюрморттарда иллюзионистік тәсілдері бар жасанды түрде көзді алдайды. XVII ғасырдың ортасында тарап, елде және шет аймақтарда танымал болды¹.

Дадаизм XX ғасырдың басында өнер, әдебит, музыка және кинодағы бағытты ұстанымдар жорта таңдаған мағнасыз атау. 1915 жылы Цюрикте (Швецария) пайда болды және бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басқа еуропалық елдерге таралды, қозғалыс Нью – Йоркте де дамиды. Бұл бағыт көркемдік және қоғамдық әдет – ғұрыпты жоққа шығарды, дәстүрлі құндылықтарға қарсы бүлікшіл рухпен сипатталады. Дадаистер стандартты әдістердің орнына құрастыру, коллаж, редимейд секілді әдістерді қолдану¹

Дизайн (ағылш. design – жоба, жобалау, сызу, жоспар, сурет) – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу⁵

3) Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1. Қазіргі ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар. Жобалау технологиясы.
2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың инновациялық технологиялары.
3. Педагогикалық іс-тәжірибеде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалық жұмысын ұйымдастыру.

4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық жұмыстары негізінде жобалау технологиясы арқылы педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру

Міндеттері:

- жобалау технологиясы арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық негізі;
- оқушылардың шығармашылық жұмыстарында жобалау технологиясы арқылы ғылыми жоба жасаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну;
- педагогикалық іс-тәжірибеде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалық жұмысын ұйымдастыруда жобалық технологияны қолдану;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысына бағытталған ғылыми жобаны ұсыну.

Оқу нәтижелері:

- жобалау технологиясы арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды теориялық тұрғыда негіздейді;
- оқушылардың шығармашылық жұмыстарында жобалау технологиясы арқылы ғылыми жоба жасаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынады;
- педагогикалық іс-тәжірибелерінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалық жұмысын ұйымдастырады және жобалық технологияларды қолданады;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысына бағытталған ғылыми жобаны ұсынады және ұйымдастырады.

5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Д	С	П	Қысқаша мазмұны
1	Қазіргі ғылыми-зерттеу жұмысына	12	Д	с		Қазіргі ғылыми – зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

	қойылатын талаптар. Жобалау технологиясы.					тақырып таңдау, өзектілігі, мақсат пен міндеті, ғылыми жаңалығы, ғылыми әдебиеттерге шолу, эксперимент ұйымдастыру жолдары және нәтиже алу. Көркем еңбек және бейнелеу өнері сабақтарында «жобалау технологиясын» қолдану.
2	Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың инновациялық технологиялары	30	Д	с	п р	Лэпбук технологиясы негізінде оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру;
3	Педагогикалық іс-тәжірибеде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалық жұмысын ұйымдастыру	30			п р	Педагогтардың іс-тәжірибесіндегі оқушылардың шығармашылық жетістіктерін жоба жасау негізінде ғылыми-зерттеу тұрғысында нәтижеге қол жеткізу
	БАРЛЫҒЫ:	72				

Д-дәріс, С-семинар, П-практикалық сабақ.

Ескерту: 1 академиялық сағат-45 минут.

6) Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін ұйымдастыру белгіленген оқу жүктемесіне, оқу жұмыс жоспарына, оқу бағдарламаларына, сабақ кестесі мен сәйкес жүзеге асырылады.

Дәстүр бойынша кадрларды даярлаудың барлық бағыттары мен оқыту курстары бойынша ЖОО-ның қалауы бойынша оқытудың аралас нысаны, атап айтқанда: санитарлық режимді сақтай отырып, күндізгі форматта қолданбалы сипаттағы практикалық сабақтарға жол беріледі.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде курс барысында тыңдаушылар қазіргі ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптарымен, жобалау технологиясымен танысады, меңгереді және өз тәжірибелерінде қолданады және курс соңында тыңдаушы педагогтардың іс-тәжірибесіндегі оқушылардың шығармашылық жетістіктерін жоба жасау негізінде ғылыми-зерттеу тұрғысында нәтижеге қол жеткізу мақсатында тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау.

7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

- оқу құралы
- қосымша әдебиеттер, оның ішінде электрондық тасымалдағышта;
- анықтамалықтар, каталогтар, альбомдар;
- зертханалық жұмыстар мен практикалық тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- оқу пәнін, оның бөлімдерін, тақырыптарын, жекелеген элементтерін зерделеу бойынша әдістемелік ұсыныстар;
- әдістемелік әзірлемелер, авторлық әзірлемелер;
- білім алушылардың өзіндік (аудиториядан тыс) жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар;

8) Оқу нәтижелерін бағалау

Бақылаудың қорытынды нысаны оқу процесінде орындалған тыңдаушылардың шығармашылық жұмыстарын қарау, тексеру түрінде өтетін сынақ болып табылады. Сонымен қатар, курст қорытындысы бойынша педагогтардың іс-тәжірибесіндегі оқушылардың шығармашылық жетістіктерін жоба жасау негізінде ғылыми-зерттеу тұрғысында нәтижелері ұсынылады және ғылыми-зерттеу жобасын қорғайды. Курс аяқталғаннан кейін нәтижесі жарияланады.

Курс тыңдаушысын бағалау критерийі:

- жобалау технологиясы арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың теориялық негізін меңгергенде;
- оқушылардың шығармашылық жұмыстарында жобалау технологиясы арқылы ғылыми жоба жасаудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынғанда;
- педагогикалық іс-тәжірибеде оқушылардың ғылыми-зерттеу жобалық жұмысын ұйымдастыруда жобалық технологияларды қолдана білгенде;
- оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмысына бағытталған ғылыми жобаны ұйымдастыра алғанда;

Педагогтардың іс-тәжірибесіндегі оқушылардың шығармашылық жетістіктерін жоба жасау негізінде ғылыми-зерттеу тұрғысында нәтижеге қол жеткізгенде.

9) Курстан кейінгі сүйемелдеу

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог:

- іс-тәжірибесінде оқушылардың шығармашылық жұмыс нәтижесін ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданады;
- жобалық технологияларды мүмкіндіктерін оқу үрдісінде және ғылыми – зерттеу жұмысында қолданады;

Кәсіби құзыреттіліктерін қолданады.

Білім беру ұйымының әкімшілігі педагогтің қызметіне бақылау және мониторинг жүргізу кезінде педагогтың алған құзыреттерін қолдану нәтижелерін қадағалайды.

Біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар біліктілікті арттырудан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді педагогке, оның ішінде қашықтықтан оқыту режимде ұсынылатын педагогтің кәсіби қызметіндегі өзгерістерді қорытынды мониторингтеу және талдау арқылы алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде және одан да көп уақыт ішінде жүзеге асырады.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді жүргізу нысандары:

- кәсіби даму нәтижелері;
- курстардан өткеннен кейін бірінші күнтізбелік жыл ішінде педагогтың кемінде үш дербес жұмысын ұйымдастыру және өткізу;
- біліктілікті арттыру курстарынан өткен және алған білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтерді тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуға тарту, олардың тәжірибесін көпшілік алдында тану (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау);
- Ұйымның педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу мониторингі жылына бір рет үш жыл бойы жүргізіледі.

№	Педагог қызметі	Оқытушы (жаттықтырушы) қызметі	Аяқтау нысаны
1	Сабаққа қатысу	бақылау	
2	Тапсырманы уақытылы орындау	Шығармашылық жұмыс бойынша бағыт	сынақ

10) Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер тізімі

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы, <http://online.zakon.kz>.

Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.02.2023 г.)

Концепция непрерывного педагогического образования педагога новой формации Республики Казахстан. Астана, 2005.

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Академиялық жазылым негіздері: Оқу құралы/Е.Т.Оспанов Алматы: «Бәлік» баспасы, 2020. – 340 б.

2. Байжігітов Б. Көркемөнер терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Экономика, 2009. – 82б

3. Көркемөнерден білім алуға арналған терминалогиялық сөздік (қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде) құрастырушы Берікбол Р.Р Алматы: ИП «Балауса», 2020. – 184б

4. Компьютерная графика и дизайн.учебник.2015.ТозикИ.Т Корпан Л.М

5.Черных, В.В. Всё для учителя школы [Электронный ресурс] /В.В. Черных//<https://for-teacher.ru/technique/99-ispolzovanie-kompyuternyh-tehnologiy-v-obrazovanii.html>.- 8 Декабря, 2016.

6.Айдарова,Л Дирксен Бейнелеу өнері оқу құралы «Фолиант »баспасы Астана 2010

7. Балтабаев М.Х. Педагогикалық мәдениеттану. – Алматы: Ұмай, 2003. – 284 б.

8. Қорғабекова Р., Жұбаниязова Г. Бейнелеу өнері тарихы.-Алматы: МерСал ЖШС, 2004.-160б.

9. Аманжолов С.А.Бейнелеу өнерін бастауышқа оқыту: оқулық.- Астана,2000.-155б.

10.Баймаханов М.Бейнелеу өнері сабағында инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру. – Алматы, 1991.

11. Болатбаев М.Х. педагогикалық мәдениеттану. – Алматы: Ұмай, 2003 – 284б.

12. Жұмабекова Ф. Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар . – Алматы, 1994. – 48 б.

13.Даулетбакова Ж.Д.Оқушылардың оқу мотивтері, сапалы білім негізі.- Алматы,2001.-170б.